


«Бекітемін» 
Мектеп директорының м.а
К.А.Айтмағанбетова
«21» 09 2023 жыл

«Келісемін» 
Директордың Т.І.Ж орынбасары
А.С.Прмагамбетов
«21» 09 2023 жыл

Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша 2023-2024 оқу жылына арналған 2«А» класының тәрбие жоспары



Класс жетекшісі: Багиева Ж.А.

2023-2024 оқу жылы

ТҮСІНІК ХАТ

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін: - ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін; - халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін; - әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін кәдірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты кәдірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашанырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін кәдірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзінеберік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оныңбірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Құндылықтар:ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау
- Қазақ тілінің қолдануаясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді

Ар-ұят құндылығы:

- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну;

Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді;

Талапқұндылығы:

- Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орната білу;

Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

«Алама аясында жүзеге асырылатын жобалар:

«Алауға құштар мектеп»

«Балалар және театр»

«Еңбегі адал жас өрен» (Еріктілермен жұмыс)

4. «Үшқыр-ой алаңы»

5. «Жеткіншектің жеті жарғысы»

6. «Ұлттық мектеп лигасы»

7. «Ғаламтор қауіпсіздігі»

8. «Төрт тоқсан-төрт өнер»

9. «9 ай- 9 іс-шара»

10. «Ата-аналар мектебі»

ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ АЙЫ

- 1-қыркүйек - Білім күні, сынып сағаттары;
- 5қыркүйек-А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар
- Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930жыл
- Қазақ әдебиетінің XXғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург Жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80жыл

Қыркүйек айы

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ(ОТАН)				
1	1 –қыркүйек – Білім күні «Мектебім–мейірім мекенім»«Мектеп - мейірім мекені» жобасы	Бірыңғай сынып сағаты #Bilim_qunіxэштегі	Багиева Ж. А.	01.09.2023
2	Жолда жүру ережелері/ Білім алушылардың көшеде және жолдарда жүрудің негізгі ерекшелігі «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы	Челлендж	Багиева Ж. А.	08.09.2023
3	«Тіл-білімнің атасы»«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы»	Сынып сағаты	Багиева Ж. А.	15.09.2023
4	«Өнегенмен ұлысың ұлы баба» Білім алушылардың көшеде және жолдарда жүрудің негізгі ережелері	Дөңгелек үстел Сынып сағаты	Багиева Ж. А.	22.09.2023
5	Мектеп мейірбандық мекені	Сынып сағаты	Багиева Ж. А.	29.09.2023

АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ АЙЫ

1 қазан –Қарттар күні

- 5 қазан –Мұғалімдер күні
- 25 қазан –Республика күні
- Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл
- Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл
- Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл
- Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл
- Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл
- Қазақ халқының XX ғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы, ақыл-ойшысы, демократ ақыны Торайғыровтың туғанына 130 жыл
- Ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл

Қазан айы

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1	«Қартым – асыл қазынам» «Еңбегі адал жас өрен» жобасы	Дөңгелек үстел	Багиева Ж. А.	06.10.2023
2	«Ұстазым, ұлағатым үлгі өнегем» «Еңбегі адал жас өрен» жобасы	Сынып сағаты #Bilim_quni хэштегі	Багиева Ж. А.	13.10.2023
3	«Әнұраным, қалықта!»/ Реттелмейтін жол қиылыстары.	Челлендж	Багиева Ж. А.	20.10.2023
4	«Қазақстан-туған елім, ұлы өлкем» «Тоғыз ай тоғыз іс-шара» жобасы	Сынып сағаты	Багиева Ж. А.	27.10.2023

д – поэзия айы

15 қараша-Ұлттық валюта күні

➤ Күзгі демалыс

Қараша айы

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1	«Тәрбиенің ең тамаша мектебі отбасы» «Ата-аналар мектебі» жобасы	Сынып сағаты	Багиева Ж. А.	10.11.2023
2	«Ұлттық теңге ұлттық мақтаныш» «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы	Сынып сағаты	Багиева Ж. А.	17.11.2023
3	«Кітапханаға саяхат» «Оқуға құштар мектеп жобасы» жобасы	Дөңгелек үстел #Bilim_qunıxәштегі	Багиева Ж. А.	24.11.2023
4	«Тоғызқұмалақ» ойыны «Ұлттық мектеп лигасы жобасы»	Челлендж	Багиева Ж. А.	01.12.2023

ЖЕЛТОҚСАН—«ҚАЗАҚСТАН-ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ»

➤ 16-17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32 жылдығы

Желтоқсан айы

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				

	«Менің тілім- менің досым» «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы	Сынып сағаты #Bilim_quniХэштегі	Багиева Ж. А.	08.12.2023
2	Болашаққа хат/Реттеуші және оның белгілері «Төрт тоқсанға төрт шара»жобасы	Сынып сағаты	Багиева Ж. А.	15.12.2023
3	«Тәуелсіздік-ел тұғыры» «Жеткіншектің жеті жарғысы жобасы» Реттеуші және оның белгілері.	Челлендж	Багиева Ж. А.	22.12.2023

ҚАҢТАР—«ҰЛТТЫҚ КОД»айы> Қысқы демалыс

Қаңтар айы

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ(ОТАН)				
1	«Қалдықтарды табысқа айналдырайық» «Еңбегі адал жас өрен» жобасы	Сынып сағаты	Багиева Ж. А.	12.01.2024
2	«Табиғатты аялайық» «Еңбегі адал жас өрен» жобасы	Дөңгелек үстел	Багиева Ж. А.	19.01.2024
3	«Отбасы бақыт мекені» «Ата-аналар мектебі»жобасы	Сынып сағаты	Багиева Ж. А.	26.01.2024
4	«Кітап-білім бұлағы» «Оқуға құштар мектеп» жобасы	Челлендж #Bilim_qunixэштегі	Багиева Ж. А.	02.02.2024

АҚПАН—ОҚУҒАҚҰШТАРЛЫҚАЙЫ

Ақпан айы

ІІІ-ОҚУҒАҚҰШТАРЛЫҚАЙЫ
Наурыз айы

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ(ОТАН)				
1	Бір сәт бақыт сыйла «Ата-аналар мектеп» жобасы	Дөңгелек үстел	Багиева Ж. А.	09.02.2024
2	«Тарихқа тағзым» «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы	Сынып сағаты	Багиева Ж. А.	16.02.2024
3	«Ата заң-алтын дінгегім» «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы	Челлендж	Багиева Ж. А.	23.02.2024
4	«Алғыс айту-парызым» «Балалар және театр» жобасы.	Челлендж	Багиева Ж. А.	01.03.2024

НАУРЫЗ-ҰЛТТЫҚСАЛТ-ДӘСТҮРДІДӘРІПТЕУ айы

- 1 наурыз–Алғыс айту күні
- 8 наурыз–Халықаралық әйелдер күні
- 21,22,23 наурыз–Наурыз мейрамы
- 27 наурыз–Дүниежүзілік театр күні

Наурыз айы

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ(ОТАН)				

	«Анашым-ардақты жан» «Ата-аналар мектебі» жобасы	Сынып сағаты	Багиева Ж. А.	01.03.2024
2	«Наурыз-жыл басы» «Ұлтымызды ұлықтаймыз» жобасы Трамвайда және көліктің басқа да түрлерінде сапарға шығу.	Сынып сағаты	Багиева Ж. А.	15.03.2024

СӘУІР-ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ айы

➤ 12 сәуір-Ғылым күні

Сәуір айы

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1	«Тазалық-денсаулық кепілі» «Ата-аналар мектебі» жобасы	Маманмен кездесу	Багиева Ж. А.	05.04.2024
2	«Ғарыштағы алғашқы адам» «Оқуға құштар мектеп» жобасы	Сынып сағаты	Багиева Ж. А.	12.04.2024
3	«Құстар-біздің досымыз»/Мектепке жол «Табиғатты аялайық» жобасы. Мектепке жол (Сенің күнделікті бағытың.)	Дөңгелек үстел	Багиева Ж. А.	19.04.2024
4	«Әдепті бала-арлы бала» «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы	Сынып сағат	Багиева Ж. А.	26.04.2024

АР-БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ АЙЫ

1 мамыр-Қазақстан халықтарының
бірлігі күні ➤ 7 мамыр-Отан қорғаушылар
күні

- 9 мамыр-Жеңіс күні
- 31 мамыр-Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні
- Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл

Мамыр айы

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1	«Бейбітшілік- ел тірегі» «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы	Сынып сағаты	Багиева Ж. А.	03.05.2024
2	«9-мамыр Жеңіс күні» «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы	Дөңгелек үстел	Багиева Ж. А.	08.05.2024
3	«Жасыл мекен» «Тоғыз айға тоғыз іс-шара» жобасы. Қорытынды сабақ.	Челлендж	Багиева Ж. А.	17.05.2024
4	«Бақытты балалық шақ»/Қорытынды сабақ «Балалар және театр»	Сынып сағаты	Багиева Ж. А.	24.05.2024